

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2020 жылы 8-9 сәуірде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде өтетін 6В01202-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша ХІ Республикалық пәндік олимпиадасына қатысуға шақырамыз.

Олимпиадаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының 6В01202 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс студенттері қатыса алады. Команда құрамы - 4 адамнан аспайды.

Олимпиадаға қатысушылардың өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты мен студенттік билеті болуы тиіс. Команданы міндетті түрде жетекші алып жүреді.

Олимпиада бағдарламасы

1. «Заманауи тәрбиеші мәртебесі» шығармашылық байқауы.
Командалардың өзін таныстыруы - 5 минут.

2. «Жүзден жүйрік» теориялық байқауы (тест тапсырмалары, 75 сұрақ, 75 балл),

Міндетті компонент пәндері бойынша тестілеу (4 студент):

- мектепке дейінгі педагогика;

- мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі;

- мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі.

3. «Тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің көкжиегі – 4К моделі» шығармашылық жоба сайысы.

Тапсырма: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде 4К моделін басшылыққа ала отырып, тәрбиеші – бала – ата-ана қатысуымен жоба іс-әрекетін ұйымдастыру, «біртұтас бала» бейнесін қалыптастыру.

Мақсаты: 4К моделі аясында тәрбиеші – бала – ата-ана үштік одағымен бірлескен бақылау, зерттеу жұмыстарының нәтижесін, жоба түрлерін көрсету.

Ұсыну: 7-10 минуттың ішінде жобаны таныстыру.

2 күн

4. «Зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда дамыған тұлға – болашақ кепілі» практикалық байқауы. Балабақша топтарында оқу қызметін ұйымдастыру (20 минут).

6B01202-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XI Республикалық пәндік олимпиадасына қатысу шарттары және тапсырысты рәсімдеу ережесі

Тапсырысты электронды поштаға pedagogika.15@mail.ru немесе пошта арқылы 2020 жылдың наурыздың 10-на дейін жіберу қажет. Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Төле би 36а, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, №7 оқу ғимараты. Байланыс телефондары:

8-701-169-80-45- «Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, фил.ғ.к Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы

8-702-917-23-89 - п.ғ.к., аға оқытушы Баймағанбетова Жұлдызай Тұрматқызы

Республикалық пәндік олимпиадасына қатысуға тапсырыс

Қала, білім беру мекемесінің толық атауы _____

Қатысушы студенттің аты-жөні (толығымен), курс, мамандығы:

1. _____

2. _____

3. _____

Команда жетекшісінің аты-жөні (толығымен), қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы

Е-mail _____

Ашық оқу қызметін өткізетін топтың астын сызып көрсету

- ортаңғы топ;
- ересек топ;
- МАД топтары

Байланыс телефоны (қала кодының көрсетілуімен):

Жетекшінің ұялы телефоны _____

Қонақ үйдің қажеттілігі _____

Назар аударыңыз! Мектепке дейінгі мекемеге бару үшін әр қатысушыда жеке медициналық кітапша мен ауыстыруға арналған аяқ киім болуы шарт!

Республикалық олимпиадаға белсенді қатысуға шақырамыз!